



БҰЙРЫҚ

13.10.2025

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 513

город Ақтөбе

«Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша»
жобаларын масштабтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Облыстың барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына:
 - 1.1. Экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету бағытында «Жасыл балабақша» жобасы;
 - 1.2. Мектепке дейінгі кезеңде ІТ сауаттылықты арттыру, цифрлық технология саласындағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру мақсатында «ІТ-балабақша» жобасы масштабталсын.
2. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (Д.Жаманбаева).
 - 2.1. «Жасыл балабақша», «ІТ-балабақша» жобаларының жұмысын үйлестіруді әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілсін.
3. Ақтөбе қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшыларына:
 - 3.1. «Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша» жобаларының жұмысын барлық балабақшада талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын.
 - 3.2. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру мен цифрлық технологияның қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалсын.
 - 3.3. Жобаға қатысушы педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасалсын.

003406

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.



Б.Кузембаева